

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 24 наурыздағы № 20 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 наурызда № 20162 болып тіркелді

"Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі, "Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарына, "Өлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 286 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Пруденциялық нормативтерді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 14 қарашадағы № 192 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19629 болып тіркелген, 2019 жылғы 27 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтерде және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерде, оларды есептеу әдістемесінде:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

1) жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) есептік тіркеуден өткен микроқаржы ұйымын қоспағанда, микроқаржы ұйымы үшін – 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2020 жылғы 1 шілдеден бастап – 50 000 000 (елу миллион) теңге;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап – 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап – 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге;

2) кредиттік серіктестік үшін – 50 000 000 (елу миллион) теңге, мыналарды қоспағанда:

кредиттік серіктестік ретінде 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында немесе облыс орталығында жүзеге асыратын кредиттік серіктестікті, ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 10 000 000 (он миллион) теңге;

2020 жылғы 1 шілдеден бастап – 20 000 000 (жиырма миллион) теңге;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап – 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап – 50 000 000 (елу миллион) теңге;

кредиттік серіктестік ретінде 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан немесе облыс орталығынан тыс жерде жүзеге асыратын кредиттік серіктестікті, ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 5 000 000 (бес миллион) теңге;

2020 жылғы 1 шілдеден бастап – 10 000 000 (он миллион) теңге;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап – 15 000 000 (он бес миллион) теңге;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап – 25 000 000 (жиырма бес миллион) теңге;

3) өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында немесе облыс орталығында жүзеге асыратын ломбард үшін – 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге, мыналарды қоспағанда:

ломбард ретінде 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында немесе облыс орталығында жүзеге асыратын ломбардты, ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері :

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2020 жылғы 1 шілдеден бастап – 50 000 000 (елу миллион) теңге;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап – 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап – 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге;

өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан немесе облыс орталығынан тыс жерде жүзеге асыратын ломбард үшін – 50 000 000 (елу миллион) теңге, мыналарды қоспағанда:

ломбард ретінде 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан немесе облыс орталығынан тыс жерде жүзеге асыратын ломбард үшін, ол үшін жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 10 000 000 (он миллион) теңге;

2020 жылғы 1 шілдеден бастап – 20 000 000 (жиырма миллион) теңге;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап – 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап – 50 000 000 (елу миллион) теңге."

4. Меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері:

1) микроқаржы ұйымы үшін – 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін уәкілетті органда есептік тіркеуден өткен микроқаржы ұйымын қоспағанда, 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге, ол үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2020 жылғы 1 шілдеден бастап – 50 000 000 (елу миллион) теңге;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап – 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап – 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге;

2) кредиттік серіктестік үшін – 50 000 000 (елу миллион) теңге, мыналарды қоспағанда:

кредиттік серіктестік ретінде 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында немесе облыс орталығында жүзеге асыратын кредиттік серіктестікті, ол үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 10 000 000 (он миллион) теңге;

2020 жылғы 1 шілдеден бастап – 20 000 000 (жиырма миллион) теңге;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап – 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап – 50 000 000 (елу миллион) теңге;

кредиттік серіктестік ретінде 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан немесе облыс орталығынан тыс жерде жүзеге асыратын кредиттік серіктестікті, ол үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 5 000 000 (бес миллион) теңге;

2020 жылғы 1 шілдеден бастап – 10 000 000 (он миллион) теңге;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап – 15 000 000 (он бес миллион) теңге;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап – 25 000 000 (жиырма бес миллион) теңге;

3) өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында немесе облыс орталығында жүзеге асыратын ломбард үшін – 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге, мыналарды қоспағанда

ломбард ретінде 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында немесе облыс орталығында жүзеге асыратын ломбардты, ол үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2020 жылғы 1 шілдеден бастап – 50 000 000 (елу миллион) теңге;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап – 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап – 100 000 000 (бір жүз миллион) теңге;

өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан немесе облыс орталығынан тыс жерде жүзеге асыратын ломбард үшін – 50 000 000 (елу миллион) теңге, мыналарды қоспағанда:

ломбард ретінде 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мемлекеттік тіркеуден өткен және өз қызметін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан немесе облыс орталығынан тыс жерде жүзеге асыратын ломбардты, ол үшін меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 10 000 000 (он миллион) теңге;

2020 жылғы 1 шілдеден бастап – 20 000 000 (жиырма миллион) теңге;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап – 30 000 000 (отыз миллион) теңге;

2022 жылғы 1 шілдеден бастап – 50 000 000 (елу миллион) теңге.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымды міндеттемелерге капиталдандыру к3 левередж коэффициентімен сипатталады және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның жиынтық міндеттемелері сомасының оның меншікті капиталына қатынасы ретінде есептеледі.

Микроқаржы ұйымы және кредиттік серіктестік үшін к3 коэффициентінің мәні 10-нан аспайды.

Ломбард үшін к3 коэффициентінің мәні 8-ден аспайды.

Кредиттік серіктестік үшін к3 коэффициентін есептеу кезінде кредиттік серіктестіктің жиынтық міндеттемелерінен ұлттық басқарушы холдингтер мен агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары алдындағы міндеттемелер алып тасталады."

2. "Ломбардта заттарды сақтау, ломбардтардың үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, ломбардтарда заңсыз алынған заттардың айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды белгілеу мәселелерін қоса алғанда, ломбардтардың қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 226 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19709 болып тіркелген, 2019 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ломбардта заттарды сақтау, ломбардтардың үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, ломбардтарда заңсыз алынған заттардың айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды белгілеу мәселелерін қоса алғанда, ломбардтардың қызметін ұйымдастыру қағидаларын қоса алғанда, ломбардтардың қызметін ұйымдастыру қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Заттарды сақтауға арналған орынның құрылғысы мыналарға сәйкес болуға тиіс:

1) кірпіштен немесе беріктігі жағынан кірпіштен кем емес қабырғалар;

2) қоймаға енуден қорғауды қамтамасыз ететін брондалған немесе металл кіретін есік;

3) терезедегі металл торлар (олар бар болса);

4) өрт сигнализациясының болуы.

Заттарды сақтауға арналған орын операциялық кассада немесе жеке үй-жайда орналасады."

3. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Халықаралық қатынастар және сыртқы коммуникациялар басқармасы осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова